

**Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика
бюросының басшысы**

2024 жылғы 18 шілдедегі

№ 20 бұйрығына 2-қосымша

Приложение 2 к приказу Руководитель Бюро
национальной статистики Агентства по стратегическому
планированию и реформам Республики Казахстан
от 18 июля 2024 года № 20

**Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының басшысының 2022
жылғы 18 қазандағы № 34 бұйрығына**

8-қосымша

Приложение 8 к приказу Руководителя бюро
национальной статистики Агентства по стратегическому
планированию и реформам Республики Казахстан от 18
октября 2022 года № 34

«Білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету салаларының ұйымдары мен жеке кәсіпкерлері көрсеткен қызметтер көлемі туралы есеп» (индекс 1-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об объеме оказанных услуг организациями и индивидуальными предпринимателями в сферах образования, здравоохранения и социального обслуживания населения» (индекс 1-услуги, периодичность квартальная)

1. Осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету салаларының ұйымдары мен жеке кәсіпкерлері көрсеткен қызметтер көлемі туралы есеп» (индекс 1-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды. 2. Заңды тұлға статистикалық нысанды толтыру бойынша өкілеттілік берген жағдайда статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері тапсырады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелердің мұндай өкілеттіктері болмаған жағдайда статистикалық нысанды олардың орналасқан жерін көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде заңды тұлға ұсынады. Жеке кәсіпкерлердің бір жыл ішінде көрсеткен қызметтердің көлемі туралы мәліметтермен (нысан тек төртінші тоқсанда толтырылады). Көрсетілген қызметтердің құны қосылған құн салығы акциздерсіз ағымдағы бағалармен көрсетіледі. Бұл сомалар халықтың меншікті қаражаты және қызметтерді тұтынушылардың басқа санаттарының (кәсіпорындар мен бюджеттің) есебінен	1. Настоящая инструкция детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет об объеме оказанных услуг организациями и индивидуальными предпринимателями в сферах образования, здравоохранения и социального обслуживания населения» (индекс 1-услуги, периодичность квартальная) (далее – статистическая форма). 2. Статистическую форму предоставляют структурные и обособленные подразделения юридического лица по месту своего нахождения, если им делегированы полномочия по сдаче статистических форм юридическим лицом. Если структурные и обособленные подразделения не имеют таких полномочий, статистическую форму предоставляет юридическое лицо в разрезе своих структурных и обособленных подразделений, с указанием их местонахождения. Индивидуальными предпринимателями отражаются сведения об объемах оказанных услуг за год (форма заполняется только в четвертом квартале). Стоимость оказанных услуг указывается в текущих ценах без налога на добавленную стоимость и акцизов. Из этой суммы выделяется объем услуг, оплачиваемых за счет собственных средств населения и средств других категорий
--	--

төленетін қызметтер көлемі бөлініп көрсетіледі. Бұл көрсеткіш оларды орындау кезінде оларды төлеу уақытына қарамастан көрсетілген қызметтердің құны болып табылады (көрсетілген қызметтер көлемін есепке алу есептеу әдісі бойынша жүргізіледі). Қызмет көрсету сатып алу-сату объектісі болып табылады, мұнда өндірушінің (қызмет көрсетуші тараптың) шығындары оларды өткізуден түскен түсім есебінен, мемлекеттік бюджет қаражаты, ерікті жарналар немесе мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар, сондай-ақ кәсіпорындар мен халық қаражаты есебінен толығымен немесе едәуір мөлшерде жабылады. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ӘлМСҚ) қаражаты есебінен көрсетілген қызметтердің көлемі «ӘлМСҚ» бағанында көрсетіледі. Көрсетілген қызметтер көлеміне халықтың меншікті қаражаты (3-баған), кәсіпорындар қаражаты (4-баған) және мемлекеттік бюджеттен алынған (2-баған) кірістер және төленген қосылған құн салығынсыз ӘлМСҚ (5-баған) кіреді. Халық (3-баған) және кәсіпорындар (4-баған) қаражаты есебінен төлем жүргізілетін бағандарға мемлекеттік бюджет және ӘлМСҚ қаражаты есебінен халыққа көрсетілген қызметтер көлемі енгізілмейді. ӘлМСҚ бағанында (5-баған) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде көрсетілген қызметтердің құны да енгізіледі. Бюджет есебінен көрсетілген қызметтердің көлемі оларға ақы төлеу уақыты бойынша емес, олар өндіріс процесіне кірген сәтте қызметтерді ұсыну шығындары бойынша бағаланады: 1) негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша есепті кезеңде есептелген амортизациялық аударымдар сомасы; 2) жалақыға шығыстар; 3) қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын отынның және сатыпалынатын энергияның (электр, жылу) барлық түрлерінің құны; 4) көліктік-дайындау шығыстарын есепке ала отырып, қызмет көрсету үдерісінде қолданылатын барлық материалдардың құны; 5) бөгде ұйымдар атқарған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтердің құны; 6) бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің (әлеуметтік салық, мүлікке салынатын салық, жер салығы, көлік құралдарына салынатын салық, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы, тіркелген салық, жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін ауыл шаруашылығы және орман алқаптарын алу кезіндегі ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығыстарын өтеуден түскен түсімдер, белгіленген мөлшердегі бірліктерді беруден	потребителей услуг (предприятий и бюджета). Этот показатель представляет собой стоимость оказанных услуг на момент их выполнения, независимо от времени их оплаты (учет объема оказанных услуг ведется по методу начисления). Услуги являются объектом купли-продажи, где издержки производителя (оказывающей стороны) полностью или в значительной мере покрываются за счет выручки от их реализации, за счет средств государственного бюджета, добровольных взносов или государственной социальной программы, а также средств предприятий и населения. Объем оказанных услуг за счет средств некоммерческого акционерного общества «Фонд социального медицинского страхования» (далее – ФСМС) указываются в графе «ФСМС». В объем оказанных услуг включаются доходы, оказанные услуги, оплаченных за счет собственных средств населения (графа 3), средств предприятий (графа 4) и полученные из государственного бюджета (графа 2) и ФСМС (графа 5) без налога на добавленную стоимость. В графы за счет средств населения (графа 3) и предприятий (графа 4) не включается объем услуг, оказанных населению за счет средств государственного бюджета и ФСМС. В графе ФСМС (графа 5) также включаются стоимость услуг оказанных в рамках Гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП). Объем оказанных услуг за счет бюджета оценивается по затратам по предоставлению услуг в момент их вхождения в процесс производства, а не по времени их оплаты: 1) начисленная за отчетный период сумма амортизационных отчислений по всем видам основных средств; 2) расходы на заработную плату; 3) стоимость всех видов топлива и покупной энергии (электрической, тепловой), используемых в процессе оказания услуг; 4) стоимость всех материалов, используемых в процессе оказания услуг, с учетом транспортно-заготовительных расходов; 5) стоимость работ и услуг производственного характера, выполненных сторонними организациями; 6) прочие расходы, включающие сумму налогов и других обязательных платежей в бюджет (социального налога, налога на имущество, земельного налога, налога на транспортные средства, плата за эмиссии в окружающую среду, фиксированного налога, плата за сервитут по земельным участкам, поступления от возмещения потерь сельскохозяйственного и лесохозяйственного производства при изъятии сельскохозяйственных и лесных угодий для использования их в целях, не связанных с ведением сельского и лесного хозяйства, поступления, полученные от
---	---

және парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлудің ұлттық жоспарының квота көлемі резервін басқарудан түскен түсімдер, акциздерсіз, қосылған құн салығынсыз және басқа да оған теңестірілген төлемдерсіз) сомасын қамтитын өзге де шығыстар. 7) қызметтік іссапар кезіндегі тәуліктік ақы, қайырымдылық көмек, бөгде ұйымдар орындаған өндірістік емес сипаттағы қызметтерің құны (құқық, бухгалтерлік есеп және аудит, сәулет саласындағы қызметтерге, жарнамаға шығындар, банк қызметтері, сақтандыру ұйымдарының қызметтері, байланыс қызметтері). Мемлекеттік бюджет және ӘлМСҚ есебінен көрсетілген қызметтердің көлемі төлем есептеу сәтінде емес, олар өндіріс процесіне кірген кезде (нақты көрсетілген қызметтер сәтінде) бағаланады. Көрсетілген қызметтердің көлеміне құрылысқа немесе ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеуге, оларды пайдалану мерзімін көбейту және өнімділігін жоғарылату мақсатында машиналар мен жабдықтарды жаңғыртуға және жөндеуге жұмсалған шығындар қосылмайды (мұндай шығыстар негізгі капиталдың жалпы қорланымы ретінде түсіндірілді). Негізгі капиталдың жалпы қорланымы – өндірушілердің болашақта жаңа табыс табу үшін өндірісте пайдаланылатын негізгі құралдардың шығу құнын шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі құралдарды сатып алу құны. Бірлесіп атқару шарттары бойынша ӘлМСҚ және бюджет қаражаты есебінен көрсетілген қызметтер көлемі мен шығындарын есепте ӘлМСҚ және (немесе) бюджеттен қаражат алған ұйым көрсетеді. Бірлесіп атқару шарттары бойынша қызметті орындаған ұйым бұл қаражатты өз есебіне қоспайды. Өтеусіз алынған медициналық құралдар (дәрілік заттар) осы есепте есепке алынбайды. Қызмет көлемі бойынша деректер мың теңгемен, ондық белгісіз келтіріледі. Барлық көрсеткіштер әрбір есепті тоқсанға бөлек келтіріледі. 3. 2-бөлімнің 1-жолында «Білім беру» (ЭҚЖЖ 85) негізгі қызмет түрімен ұйымдар қызметтерінің жалпы көлемі көрсетіледі. 4. 2-бөлімнің 2-жолында «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қарашада № 33682 болып тіркелген), сондай-ақ «Білім беру	передачи единиц установленного количества и управления резервом объема квот национального плана распределения квот на выбросы парниковых газов, без акцизов, налога на добавленную стоимость и других, приравненных к ним платежей). 7) суточные во время служебных командировок, благотворительную помощь, стоимость услуг непроизводственного характера выполненные сторонними организациями (затраты на услуги в области права, бухгалтерского учета и аудита, архитектуры, на рекламу, услуги банков, услуги страховых организаций, услуги связи). Объем оказанных услуг за счёт государственного бюджета и ФСМС оценивается на момент их вхождения в процесс производства (на момент фактический оказанных услуг), а не в момент начисления оплаты. В объем оказанных услуг не включаются расходы на строительство или капитальный ремонт зданий и сооружений, модернизацию и ремонт машин и оборудования с целью увеличения срока их эксплуатации и повышения производительности (такие расходы трактуются как валовое накопление основного капитала). Валовое накопление основного капитала – стоимость приобретения производителями новых и существующих основных средств за вычетом стоимости выбытия основных средств, используемых в производстве для создания нового дохода в будущем. Объем оказанных услуг и затраты за счет средств ФСМС и бюджета по договорам соисполнения в отчете отражает та организация, которая получила средства от ФСМС и (или) бюджета. Организация, выполнившая услугу по договорам соисполнения, не включает эти средства в свой отчет. Безвозмездно полученные медицинские средства (лекарственные средства) не учитываются в настоящем отчете. Данные по объему услуг приводятся в тысячах тенге, без десятичного знака. Все показатели приводятся за каждый отчетный квартал отдельно. 3. В строке 1 раздела 2 указывается общий объем услуг организаций с основным видом деятельности «Образование» (ОКЭД 85). 4. В строке 2 раздела 2 указываются услуги, оказываемые через Интернет, которые предоставляются в соответствии с Приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 27 ноября 2023 года № 349 «Об утверждении требований к организациям образования по предоставлению дистанционного обучения и правил организации учебного процесса по дистанционному обучению по образовательным программам начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования и в форме онлайн-обучения по образовательным программам технического и профессионального, послесреднего образования» зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 ноября 2023 года № 33682, а также в соответствии с Приказом Министра
---	---

ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде

№ 10768 болып тіркелген) сәйкес ұсынылатын Интернет арқылы көрсетілетін қызметтер көрсетіледі.

Интернет арқылы көрсетілетін қызметтерде тұрақты негізде көрсетілетін қызметтер көрсетілуі тиіс.

5. 2-бөлімнің 3-жолында «Денсаулық сақтау саласындағы қызмет» (ЭҚЖЖ 86) негізгі қызмет түрімен ұйымдар қызметтерінің жалпы көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 3.1.3-жолында оңалту орталықтары қызметтерінің (санаторлық-курорттық қызметтер) көлемі көрсетіледі.

3.1.6-жолда өзге де ауруханалардың қызметтерінің (фармацевтикалық қызмет, күту бойынша қызмет, радиологиялық және анестезиологиялық қызмет және басқаларды қоса алғандағы техникалық қызмет және зертханалардың қызметі) көлемі көрсетіледі.

6. 2-бөлімнің 4-жолында «Тұратын орынмен қамтамасыз ете отырып әлеуметтік қызмет көрсету» (ЭҚЖЖ 87) негізгі қызмет түрімен ұйымдар қызметтерінің жалпы көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 4.4 жолында тұрумен байланысты, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін көрсетілген қызметтер көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 5-жолында «Тұруды қамтамасыз етпейтін әлеуметтік қызметтер көрсету» (ЭҚЖЖ 88) негізгі қызмет түрімен ұйымдар қызметтерінің жалпы көлемі көрсетіледі.

2-бөлімнің 5.3 жолында тұруды қамтамасыз етпей, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандары, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар, пробация есебіндегі адамдар және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін көрсетілген қызметтердің көлемі көрсетіледі.

7. 3-бөлімде қосалқы қызмет түрлері бойынша бір жылғы (тек төртінші тоқсанда толтырылады) көрсетілген қызметтің көлемі туралы мәлімет көрсетіледі. Қосалқы қызмет түрі бойынша көрсетілген қызметтердің тізбесі осы статистикалық нысанға қосымшада келтірілген Қосалқы қызмет түрлеріне арналған өнімдер жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

8. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық

образования и науки РК от 20 марта 2015 года № 137 «Об утверждении требований к организациям образования по предоставлению дистанционного обучения и правил организации учебного процесса по дистанционному обучению и в форме онлайн-обучения по образовательным программам высшего и (или) послевузовского образования» зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 22 апреля 2015 года № 10768.

В услугах, оказанных через Интернет, следует отражать услуги, оказываемые на постоянной основе.

5. В строке 3 раздела 2 отражается общий объем услуг организаций с основным видом деятельности «Деятельность в области здравоохранения» (ОКЭД 86).

В строке 3.1.3 раздела 2 указывается объем услуги центров реабилитации (санаторно-курортные услуги).

В строке 3.1.6 указывается объем услуг прочих больниц (фармацевтические услуги, услуги по уходу, услуги лабораторий и технических служб, включая радиологические и анестезиологические услуги и другие).

6. В строке 4 раздела 2 отражается общий объем услуг организаций с основным видом деятельности «Предоставление социальных услуг с обеспечением проживания» (ОКЭД 87).

В строке 4.4 раздела 2 указывается объем оказанных услуг, связанных с проживанием, в том числе для жертв бытового насилия и торговли людьми, лиц без определенного места жительства, лиц, находящихся на учете пробации, и лиц, освободившихся из мест лишения свободы.

В строке 5 раздела 2 отражается общий объем услуг организаций с основным видом деятельности «Предоставление социальных услуг без обеспечения проживания» (ОКЭД 88).

В строке 5.3 раздела 2 указывается объем оказанных услуг без обеспечения проживания, в том числе для жертв бытового насилия и торговли людьми, лиц без определенного места жительства, лиц, находящихся на учете пробации, и лиц, освободившихся из мест лишения свободы.

7. В разделе 3 отражаются сведения об объемах оказанных услуг по вторичным видам деятельности за год (заполняется только в четвертом квартале). Перечень услуг по вторичному виду деятельности указывается в соответствии с Классификатором продукции для вторичных видов деятельности, приведенном в приложении к статистической форме.

8. Представление данной статистической формы осуществляется в электронном виде или на бумажном носителе. Заполнение статистической формы в электронном виде осуществляется через «Кабинет респондента» (<https://cabinet.stat.gov.kz/>), размещенном на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, в режиме

статистика бюросының интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. 9. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналып бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік, құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады. 10. Интернет арқылы көрсетілетін қызметтер болмаған жағдайда, 2-бөлімнің 2-жолында 0 мәнін қою керек. 11. Ескертпе: X – осы позиция толтыруға жатпайды. 12. Арифметикалық-логикалық бақылау 2-бөлім: 1. 2-бөлімнің 1-жолы = $\sum$ 1.1 жолынан 1.11 жолына дейін; 2. 2-бөлімнің 2-жолы = $\sum$ 2.1 жолынан 2.10 жолына дейін; 3. 2-бөлімнің 2-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1-жолы; 4. 2-бөлімнің 2.1-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.2-жолы; 5. 2-бөлімнің 2.2-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.3-жолы; 6. 2-бөлімнің 2.3-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.4-жолы; 7. 2-бөлімнің 2.4-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.5-жолы; 8. 2-бөлімнің 2.5-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.6-жолы; 9. 2-бөлімнің 2.6-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.7-жолы; 10. 2-бөлімнің 2.7-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.7-жолы; 11. 2-бөлімнің 2.8-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.8-жолы; 12. 2-бөлімнің 2.9-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.9-жолы;	онлайн. 9. При отсутствии деятельности в отчетный период респондент не позднее даты окончания самого раннего из сроков представления статистических форм за данный отчетный период, указанных в утвержденном Графике представления респондентами первичных статистических данных по общегосударственным статистическим наблюдениям на соответствующий год представляет Уведомление об отсутствии деятельности в порядке, установленном Правилами представления респондентами первичных статистических данных, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 9 июля 2010 года № 173, зарегистрированным в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 6459. 10. В случае отсутствия услуг, оказываемых через Интернет, следует проставить значение 0 в строке 2 раздела 2. 11. Примечание: X – данная позиция не подлежит заполнению. 12. АРИФМЕТИКО-ЛОГИЧЕСКИЙ КОНТРОЛЬ Раздел 2. 1. Строка 1 раздела 2 = $\sum$ строк 1.1 по 1.11; 2. Строка 2 раздела 2 = $\sum$ строк 2.1 по 2.10; 3. Строка 2 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1; 4. Строка 2.1 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.2; 5. Строка 2.2 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.3; 6. Строка 2.3 Раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.4; 7. Строка 2.4 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.5; 8. Строка 2.5 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.6; 9. Строка 2.6 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.7; 10. Строка 2.7 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.8; 11. Строка 2.8 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.9; 12. Строка 2.9 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.10; 13. Строка 2.10 раздела 2 по всем графам < или = раздел 2 строка 1.11; 14. строка 3 = сумме составляющих строк 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5 для каждой графы; 15. строка 3.1 = сумме составляющих строк 3.1.1-3.1.6 для каждой графы; 16. строка 4 = сумме составляющих строк 4.1-4.4 для каждой графы; 17. строка 5 = сумме составляющих строк 5.1-5.3 для каждой графы; 18. графа 1 = сумме граф 2-4 (по всем строкам); 19. Если КФС = 12,13 (по всем составляющим), то заполняется графа 2 раздела 2 (допустимый); 20. Если КФС = 16,17,19,23,28,29 (по всем составляющим), то заполняется графа 3 раздела 2 (допустимый);
---	---

13. 2-бөлімнің 2.10-жолы барлық бағандар бойынша < немесе = 2-бөлімнің 1.10-жолы; 14. 3-жол = $\sum 3.1, 3.2, 3.3, 3.4, 3.5$-жолдар әрбір баған үшін құрамдағы жолдардың сомасында; 15. 3.1-жол = $\sum 3.1.1-3.1.6$-жолдар әрбір баған үшін құрамдағы жолдардың сомасында; 16. 4-жол = $\sum 4.1-4.4$-жолдар әрбір баған үшін құрамдағы жолдардың сомасында; 17. 5-жол = $\sum 5.1-5.3$-жолдар әрбір баған үшін құрамдағы жолдардың сомасында; 18. 1-баған = $\sum 2-4$-бағандар омасында (әрбір жол үшін); 19. Егер МСК=12, 13 (барлық құрам бойынша), онда 2 бөлімнің 2 бағаны толтырылады (рұқсат етілген қате); 20. Егер МСК = 16,17,19,23,28,29 (барлық құрам бойынша), онда 2 бөлімнің 3 бағаны толтырылады (рұқсат етілген қате); 21. Егер МСК=12, 13 (барлық құрам бойынша), онда 3 бөлімнің 2 бағаны толтырылады (рұқсат етілген қате); 2-бөлім бойынша бастапқы ақпаратты енгізу кезінде тексеру: 22. Егер ЭҚЖЖ=85... болса, онда 1, 2 жолдары (және құрамы) толтырылады (рұқсат етілген қате); 23. Егер ЭҚЖЖ=86... болса, онда 3 жолы (және құрамы) толтырылады (рұқсат етілген қате); 24. Егер ЭҚЖЖ=87... болса, онда 4 жолы (және құрамы) толтырылады (рұқсат етілген қате); 25. Егер ЭҚЖЖ=88... болса, онда 5 жолы (және құрамы) толтырылады (рұқсат етілген қате). 3 Бөлім. 1. 1 жол = (әрбір баған үшін) құрамдағы жолдардың сомасында; 2. 1 баған = 2-4 бағандары сомасында (барлық жолдары бойынша); 2-бөлім бойынша бастапқы ақпаратты енгізу кезінде тексеру: 3. Егер ЭҚЖЖ=85... болса, онда ЭҚӨЖ = 85 толтырылмайды (рұқсат етілмеген қате); 4. Егер ЭҚЖЖ=86... болса, онда ЭҚӨЖ = 86 толтырылмайды (рұқсат етілмеген қате); 5. Егер ЭҚЖЖ=87... болса, онда ЭҚӨЖ = 87 толтырылмайды (рұқсат етілмеген қате); 6. Егер ЭҚЖЖ=88... болса, онда ЭҚӨЖ = 88 толтырылмайды (рұқсат етілмеген қате). Қызметтердің негізгі түрлерінің жіктеуіші бойынша 5 белгі бойынша және екі белгі бойынша қайталама қызметтерді кодтауды көздеу.	21. Если КФС = 12,13 (по всем составляющим), то заполняется графа 3 раздела 2 (допустимый); При вводе первичной информации по разделу 2 проверять: 22. Если ОКЭД=85..., то заполняются строки 1, 2 (и составляющие) (допустимый); 23. Если ОКЭД=86..., то заполняется строка 3 (и составляющие) (допустимый); 24. Если ОКЭД=87..., то заполняется строка 4 (и составляющие) (допустимый); 25. Если ОКЭД=88..., то заполняется строка 5 (и составляющие) (допустимый). Раздел 3. 1. строка 1 = сумме составляющих строк (по всем графам); 2. графа 1 = сумме граф 2-4 (по всем строкам); При вводе первичной информации по разделу 3 проверять: 3. Если ОКЭД=85..., то не заполняется КПВЭД = 85 (недопустимый); 4. Если ОКЭД=86..., то не заполняется КПВЭД=86 (недопустимый); 5. Если ОКЭД=87..., то не заполняется КПВЭД=87 (недопустимый); 6. Если ОКЭД=88..., то не заполняется КПВЭД=88 (недопустимый). Предусмотреть кодировку услуг по классификатору основных видов услуг по 5 знакам и вторичных по 2 знакам.
---	---